

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасында көліктегі қызметті лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 тамыз N 1095. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Көліктегі лицензиялау мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерді "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 1 т а м ы з д а ғ ы

N 1 0 9 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 қаулысымен .

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

1) реттік нөмірі 3-жолда 3-бағандағы:

"теміржол", "теміржол жылжымалы составын, қауіпті жүктерді тасымалдау

үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу" деген сөздер алынып тасталсын;

"әуе" деген сөзден кейін "және темір жол" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 40-жолмен толықтырылсын:
"40. Қазақстан жолаушыларды, жүктерді темір жол Республикасының Көлік көлігімен тасымалдау, темір жол және коммуникациялар жылжымалы составын, қауіпті жүктерді министрлігі тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу".

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.19. N 29 қаулысымен .

4. "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 23, 203-құжат):

1) атауындағы және мәтініндегі "жүк" деген сөзден кейін ", қауіпті жүктер" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында теңіз және өзен көлігіндегі жолаушылар мен жүк тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережеде:

атауындағы "жүк" деген сөзден кейін "қауіпті жүктер" деген сөздермен толықтырылсын;

мәтініндегі "жүктерді" деген сөзден кейін ", қауіпті жүктерді" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "немесе патент (бұдан әрі - лицензия)" деген сөздер алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған - ҚЖ";

алтыншы және жетінші абзацтар алынып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленеді.

Қызметтің тиісті түрімен айналысудың барлық кезеңіне лицензиялар беру лицензия беру сәтінде бір жолғы лицензиялық алым төлеумен жүзеге асырылады

" ;

18-тармақ "айлық мерзімнен кешіктірілмей" деген сөздерден кейін ", шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірілмей" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

24-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер заң кесімдерінде өзгеше көзделмесе, мынадай:";

төртінші абзацтағы "лицензиар лицензияны қайтып алуы мүмкін" деген сөздер "лицензия сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

27-тармақтың екінші, үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензияны жоғалтқан кезде лицензиат көшірмесін алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық а л ы м т ө л е й д і .

Лицензиясы бар жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде осы туралы лицензиарға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш б е р у г е м і н д е т т і .

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і . " ;

3 0 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік кеме тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның қ о р ы т ы н д ы с ы б о л у ы " ;

36-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар (лицензиарлар) мен олардың лауазымды тұлғалары лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде белгіленген жауапкершілікте болады".

5. "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 24, 212-құжат):

1) атауындағы және мәтініндегі "жүктерді" деген сөзден кейін ", қауіпті жүктерді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы т ә р т і п т е :

атауындағы және мәтініндегі "жүктерді" деген сөзден кейін ", қауіпті жүктерді" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың екінші абзацындағы "екі және одан артық өз бетімен жүретін көлік құралдарына" деген сөздер "әрбір өз бетімен жүретін көлік құралына" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен анықталады";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны жоғалтқан кезде лицензиат көшірмесін алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық а л ы м т ө л е й д і .

Лицензиясы бар жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде осы туралы лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш б е р у г е м і н д е т т і .

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым т ө л е й д і .

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і .

Заңды тұлғаны қайта тіркеген кезде лицензия қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күшін сақтайды. ";

18-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Лицензиар және оның лауазымды тұлғалары лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдерімен белгіленген жауапкершілікте болады. ";

19 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі" деген сөздер "лицензиар" деген сөзбен ауыстырылсын.

6 . < * >

7 . < * >

ЕСКЕРТУ. 6,7-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК